

«Мемлекеттік аннуитеттік
компания» ӨСК» АҚ

MEMLEKETTİK
ANNUITETİK KOMPANIA



ГОСУДАРСТВЕННАЯ
АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ

АО «КСЖ «Государственная
аннуитетная компания»



БЕКІТІЛГЕН

**«Мемлекеттік аннуитеттік компаниясы»
өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ**

Директорлар кеңесінің

2023 жылғы «16» ақпандағы

№ 2 шешімімен

**«Мемлекеттік аннуитеттік компаниясы» өмірді сақтандыру
компаниясы» АҚ Андеррайтинг кеңесі туралы ережесіне
өзгерістер**

Ереже МАК 815

Басылым: төртінші

Астана қ., 2023 жыл

	«Мемлекеттік аннуитеттік компаниясы» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: 2023 жылғы «16» ақпан	Басылым: төртінші
	Андеррайтинг кеңесі туралы ережесіне өзгерістер	Ереже МАК 815	4 беттің 2 беті

1. «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – қоғам) 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №55 шешімімен бекітілген «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Андеррайтинг кеңесі туралы ережеге (бұдан әрі – Ереже) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) Ереженің бүкіл мәтіні бойынша «Актуарлық есептеулер және талдау департаменті» деген сөздер «Актуарлық есептеулер және талдау қызметі» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) Ереженің 3-бөлімінің 3.3-тармағы мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) Кеңес мүшелері туындаған мүдделер қақтығысы туралы Кеңес төрағасын хабардар етуге және қаралатын мәселе бойынша Кеңес мүшесінің қарсылық білдіруі (өздігінен бас тартуы) арқылы мүдделер қақтығысына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.»;

3) Ереженің 6-бөлімінің 6.2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6.2 Кеңес мынадай мүшелерден тұрады (Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін мүдделі құрылымдық бөлімшелердің, Тәуекелдерді басқару қызметінің қызметкерлері және басшы қызметкерлер):

1) Қоғам Басқармасының төрағасы;

2) Қоғам Басқармасының мүшелері;

3) сақтандыру өнімдерін сатуды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелерге, Актуарлық есептеулер және талдау қызметіне, Андеррайтинг және қайта сақтандыру департаментіне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің жауапты лауазымды тұлғалары;

4) Андеррайтинг және қайта сақтандыру департаментінің директоры;

5) Заң департаментінің директоры;

6) Тәуекелдерді басқару қызметінің басшысы;

7) Актуарлық есептеулер және талдау қызметінің басшысы;

8) Андеррайтинг және қайта сақтандыру департаментінің Қайта сақтандыру қызметінің басшысы.

Осы тармақта көрсетілген Қоғам қызметкерлері тиісті лауазымдарға тағайындалған күннен бастап (немесе тиісті лауазым Кеңес құрамына енгізілген күннен бастап) аталған лауазымдардағы өкілеттіктері тоқтатылған күнге дейін Кеңес мүшелері болып табылады. Осы тармақта көрсетілген Қоғам қызметкерлері болмаған жағдайда, олардың міндеттерін лауазымдық нұсқаулықтарына сәйкес атқаратын тұлғалар Кеңес мүшелері болып табылады.»;

4) Ереженің 6-бөлімінің 6.11-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6.11. Кеңес отырысының хаттамасы Кеңес хатшысы тарапынан отырыс өткізілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде ресімделеді, оған Кеңес хатшысы қол қояды және Кеңес мүшелері қол қойғаннан кейін Кеңес төрағасы не оның міндетін атқаратын тұлға қол қояды.»;

5) Ереженің 7-бөлімінің 7.1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

	«Мемлекеттік аннунтеттік компаниясы» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: 2023 жылғы «16» ақпан	Басылым: төртінші
	Андеррайтинг кеңесі туралы ережесіне өзгерістер	Ереже МАК 815	4 беттің 3 беті

«7.1. Кеңес жұмысының регламенті:

- 1) отырысты күндізгі дауыс беру арқылы өткізу;
- 2) мәселелерді жұмыс тәртібінде әрбір Кеңес мүшесімен келісу арқылы сырттай дауыс беру нысанында қарау.

Мәселені жұмыс тәртібінде немесе отырыста қарау туралы шешімді Кеңес төрағасы қабылдайды;

3) талқылау мен дауыс беруді Кеңес хатшысы аяқтайды. Талқылау мен дауыс беру аяқталғанға дейін Кеңес мүшелері ұсынылған ақпарат негізінде шешім қабылдап, «қолдаймын», «қарсымын» немесе «қалыс қалдым» деп дауыс беруге тиіс;

4) дауыс беруге Кеңес төрағасы мен Кеңес мүшелері қатысады.».

2. Осы өзгерістер Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

	«Мемлекеттік аннуитеттік компаниясы» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: 2023 жылғы «16» ақпан	Басылым: төртінші
	Андеррайтинг кеңесі туралы ережесіне өзгерістер	Ереже МАК 815	4 беттің 4 беті

Келісу кестесі

Көшірмесі	Коды	Басылым	Әзірлеу үшін жауапты	
	Ереже МАК 815	төртінші	А. Кененбаева	
			күні	қолы
			22.12.2022 ж.	ЭЦҚ

Нормативтік мерзім	Келісуге келіп түскен күн	Т.Ә.А.	Келісу нәтижесі			
			Ескертулермен қайтарылды		Келісілді	
			күні	қолы	күні	қолы
3 күн	15.12.2022 ж.	Д. Касимова			19.12.2022 ж.	ЭЦҚ
3 күн	15.12.2022 ж.	Ж. Жумакова			20.12.2022 ж.	ЭЦҚ
3 күн	15.12.2022 ж.	Н. Куйкенов			15.12.2022 ж.	ЭЦҚ
3 күн	15.12.2022 ж.	Ж. Абуова			15.12.2022 ж.	ЭЦҚ
3 күн	15.12.2022 ж.	Д. Умиральева			21.12.2022 ж.	ЭЦҚ
3 күн	15.12.2022 ж.	Н. Әбіш			20.12.2022 ж.	ЭЦҚ
3 күн	15.12.2022 ж.	А. Шамшуалеева			15.12.2022 ж.	ЭЦҚ
3 күн	15.12.2022 ж.	Д. Аубакирова			15.12.2022 ж.	ЭЦҚ
3 күн	15.12.2022 ж.	Е. Джамалбеков			21.12.2022 ж.	ЭЦҚ